

# Саяси идеология

# Идеология жайлы түсінік

Идеология – қоғам қызметінің ой елегінен өткізілген мақсаты ретіндегі идеялар мен көзқарастардың, әлеуметтік және рухани құндылықтардың жүйесі

ИДЕОЛОГИЯ



«Идеология – әлеуметтік топтардың мүдделерін білдіретін құндылықтар негізі, идеялар көзқарастар»

*(Дестют Де Траси, француз философы,  
саясаттанушы)*


## ҚОҒАМ

Адамда қоғамды тануға деген дүниетаным көзқарастарын қалыптастырады

саяси өмірді анықтауға

Қоғам мүшелерінің саяси үрдіске саналы түрде қатысуы

## Қоғам



(*К.Маркс*) идеология дегеніміз жеке тілек, мақсатты ғылым, көркемөнер, мораль, саясат, құқық тілінде көтермелеп өткізу, жұртшылықтың санасына арбап құю

олар идеологияның көңіл-күйлік жағынан гөрі құндылықтық мазмұнына ерекше мән берді

## Саяси идеология жайлы тұжырымдар



*К.Манхейм*), “идеология — ол қоғамдық қарым-қатынастарға көзқарас қалыптастыратын құрал”.

У.Матц идеология тек күрделі саяси дағдарыстар кезінде ғана саяси аренаға шығады деп есептейді

# Саяси идеология деңгейлері

Теориялық-тұжырымдық деңгейде нақты тап (ұлт, мемлекет) идеалы мен құндылықтарын немесе саяси даму мақсаттарын ашатын негізгі қағидалар қалыптасады.

Бағдарламалық-саяси деңгейде әлеуметтік-философиялық принциптер мен идеалдар бағдарламаларға, саяси элитаның нақты ұрандары мен талаптарына айналады. Яғни, басқару шешімдерін қабылдаудың нормативтік негіздерін қалыптастырады.

Өзектілік деңгей идеология мақсаттары мен принциптерінің азаматтармен игерілуін, оларды өз істерін- де қолдану деңгейін сипаттайды.

Саяси идеологияның негізгі түрлері

Либерализм

ДЕМОКРАТИЯ

Консерватизм

Социализм

ТОТАЛИТАРИЗМ

Фашизм

Анархизм



Назар

**Консерватизм** - қоғамда тарихи қалыптасқан саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани құндылықтарды сақтау мен дамыту идеологиясы.

XVIII ғасыр Еуропа, Америка және Азияның көптеген елдеріндегі нарықтық экономиканың дамып, капитализм қалыптасып, әлеуметтік


теңсіздіктің күшейген уақыты болды. Ол кезде еңбекшілер мен кедейлердің, жалпы жоқшылыққа ұшыраған адамдардың мүдделерін қорғауға арналған әлеуметтік қорғау жүйесі жетілген жоқ еді. Сол себепті революция ұйымдастырып, буржуазиялық тапты ығыстырып, социализм орнату қажет деген идеялар кеңінен тарала бастады. 1789 жылғы Ұлы Француз революциясы бұның іс жүзіндегі дәлелі болатын. Осы саяси құбылыстарға байланысты қалыптасқан консерватизм идеологиясының негізгі мақсаты — қоғам мен мемлекетті, олардың саяси жүйелерін бұрынғы қалпында сақтап қалу болды. Консервативтік идеология – қоғамды әртүрлі кездейсоқ жағдайлардан, ретсіз реформалардан, әсіресе қатыгез, қантөгісті революциялардан сақтап қалу жолдарын ұстанды.

Консервативтік идеяны бірінші ұсынған ағылшын мемлекет қайраткері және ғалымы Эдмунд Берк болатын. Кейін бұл идеяны одан әрі зерттеп,

идеологияға айналдыруға өз үлестерін қосқан француз саясаттанушысы Жозеф де Местр (1754-1821), неміс тарихшысы, заңгері Фридрих фон Савиньи (1779- 1861), австриялық саясатшы және қоғам қайраткері Клеменс Меттерних (1773- 1859) және т.б. болды.

Консервативтік идея Еуропаның батыс, солтүстік және Азияның біраз елдерінде мемлекеттік қолдау тауып кейін идеологияға айнала бастады. Осы консерватизм идеологиясының басты мақсаттары: қуатты мемлекет құру, саяси жүйенің, биліктің жоғарғы әлеуметтік топтың қолында болуы, тұлғаның қоғам мен мемлекетке бағынуы іс жүзінде жүзеге асып, бұл елдерді әртүрлі кездейсоқ, ретсіз реформалардан, кенет оқиғалардан, өкіметтік төңкерістерден, шиеленістерден сақтап қалды, бейбіт жағдайда нәтижелі әлеуметтік- экономикалық қарқынды дамуға жол ашты. Консерватизм идеологиясы қоғам өмірінде әдет-ғұрып, дәстүрлер

маңызды рөл атқарады деп түсініп, оларды мызғымастай сақтап қалуды мақсат етті. XX ғасырдың ортасынан бастап консерватизм идеологиясының негізгі қағидаларына өзгерістер енгізіліп консервативтік ой-пікірдің басты бағыты жаңарған консерватизмге (неконсерватизмге) ауысты.



*Либерализм* – азаматтарға қатысты мемлекеттік және қоғамдық әртүрлі басымдықтарды жою немесе жұмсартуды мақсат ететін идеология түрі. Бұл идеологияның негізін қалаушы ағылшын философы Джон Локк. Осы ғалымныңұсынысы өз заманының қажеттілігінен туындады. ХҮІІ ғасыр адамзаттыңортағасырлық бұғаудан жаңа ғана шыға бастаған кезі еді. Адамзат тарихындаорта ғасырлар баршаға әйгілі монархияның, шексіз биліктің, тұйық ословиенің, еуропа елдеріндегі шіркеу түнегінің үстемдігінде болды. Әрбір адамның өз табиғи қабілетін іске асыру бостандығы мен мүмкіншілігі болмады. Осылайша адамдарды мәжбүрлеу тәртібі қоғамдағы тоқыраушылық көріністерін күшейтті. Дж.Локк өзінің либералдық идеясында әрбір адам өз қабілетін іске асырмайынша, елдің дамуына өзінің үлесін қоспайынша қоғам қарқынды дами алмайды, адамдарды мемлекеттік дәстүрлі жіктеуліктен, дін құрсауының ықпалынан босату керек деп түсіндірді. Либералдық идеяны көпшілік жақтап шықты, әсіресе жаңа қалыптасып келе жатқан буржуазиялық таптың тез қабылдауының арқасында кейін идеологияға айналды. Экономика саласында нарықтық қарым-қатынас қалыптаса бастады, енді біреулері кішкене шеберхана ашса, біреулері жеке меншік жерге ие болды, сөйтіп өндіріс дамыды. 50-100 жылдан кейін осы кішкене шеберханалар ірі зауыттарға, фабрикаларға, ал кішкене бау-бақша жерлері үлкен фермерлік шаруашылыққа айналды, нәтижесінде халықтың тұрмыс жағдайы қалыптасып жақсарды. Қорыта келгенде, либерализм идеологиясы **капитализмнің** қалыптасып дамуына зор әсер етті. ХХ ғасырдың басында либерализм идеологиясының одан әрі дамуына байланысты бұдан өзгеше саяси идеология ретінде жаңа либерализм – неолиберализм бөлініп шықты.



Анархизм - гр. anarchia - *бассыздық, басқарусыздық* - адамдар арасындағы баршаға ортақ тәртіптерді мойындамайтын, жеке адамның шексіз еркіндігін уағыздайтын, мемлекеттік және басқа да биліктің түрлерін жоққа шығаратын қоғамдық-саяси ағым. Өзінің мақсатын қырып-жою, мемлекеттік билікті жою, ұйымдастырылған саяси күрес, беделді, тәртіпті мойындамау деп жариялаған саяси ағым; тәртіпсіздік. <sup>1</sup>XIX ғ. ортасында калыптасқан.


Анархизмнің негізін қалаушылар: неміс философы М. Штирнер (1806-1856), француз философы, экономисті П. Прудон (1809-1865). Көрнекті өкілдері: орыс төңкерісшілері М.А. Бакунин (1814-1876), П.А. Кропоткин (1842-1921).

Анархизм дүниетанымының негізі - индивидуализм. Бұл ағымды қолдаушылар тұлға еркіндігін шектейтін кез келген әрекетке қырын қарайды. Анархистер мемлекеттік биліктің барлық түрлеріне жеке тұлға еркіндігін жүзеге асыру жолындағы басты кедергі ретінде қарауы заңдылық. Өйткені олар мемлекеттік және саяси биліктің түрлерін дереу жойылуы тиіс жамандық, жауыздық деп жариялайды. Олардың пікірінше, әлеуметтік төңкерістің негізгі міндеті - мемлекетсіз өзін-өзі басқаратын өндірістік бірлестіктерден, әлеуметтік қауымдастықтардан тұратын қоғамдық құрылым орнату.


Күнделікті өмірде "анархия" терминін басқарудың дұрыс ұйымдастырылмауы салдарынан болатын тәртіпсіздік, хаос жағдайында қолданады. Алайда, анархистер болашақта мінсіз мемлекетсіз өмірді қоғамдық процестердің тәртіпсіз, басқарусыз, бей-берекет қалпынан іздемейді. Керісінше, олардың пікірінше тек анархия, яғни, адамдарды еш нәрсеге мәжбүрlemeу, қарым-қатынастың еркіндігіне негізделген, басқарусыз шынайы қоғамдық тәртіп орната алады. Бұл қозғалысты жақтаушылардың кең таралған "Анархия - тәртіптің бастауы!" ұранын осы түрғыда түсіну керек.







Социал-Демократия – саяси бағыт. [19 ғасырдың](#) аяғында пайда болды. Ағымның түпкілікті мақсаты – еңбекші бұқараның, алдымен жұмысшы табының хал-ахуалын жақсарту, қанауға қарсы күшін ұйымдастыру, ұйымдасқан жұмысшы табы басқаратын, бүкіл еңбек етуші бұқараның жағдайын ойлайтын социал қоғам орнату. Социал-демократиялық қозғалыстар [ғасырдың](#) басында саяси партияларға айналды. Оның бір қанаты социализмді реформалар арқылы бейбіт жолмен орнатуды ұсынса, екінші қанаты буржуазияға күш көрсету жолымен, төңкеріс арқылы ғана орнатуға болады деп есептеді (көрініз [Кенес Одағы Коммунистік партиясы](#)). 2-дүниежүзілік соғыстан кейін Еуропада көптеген Социал-демократиялық партиялар билікке келді. [Германия](#), [Австрия](#), [Швеция](#), [Францияда](#) әр жылдары мемлекеттік билікті ұстаушы партия болды. [20 ғасырдың](#) аяғында капитализмнің әлеуметтік мәселелерді шешуге бетбұрыс жасауы, постиндустриалды қоғам орнауы көптеген социал-демократиялық партиялардың социализмді бейбіт жолмен орнату идеясына көшуіне, “[демократиялық социализм](#)” тұжырымының күшеюіне әкелді. Социал-демократияның төңкерісшіл бағыты дағдарысқа ұшырады. Социал-демократия капитализм қоғамның қателіктерін түзей отырып, әлеуметтік мемлекет құру идеясын ұсынады. Ол идея бойынша технология және ақпараттық жетістіктер адамға қызмет етеді. Мемлекет байлығы әлеуметтік әділеттілік қағидасымен бөлінеді және байлықты капиталистер мен халық теңдей пайдаланады. Бұл мақсаттар орындалу үшін социал-демократия мемлекеттің реттеушілік-басқарушылық қызметін күшейтуді ұсынады. Социал-демократия буржуазиямен бірлесіп, қазіргі капиталық қоғамды күйретпей, социализм қағидаларын эволюциялық жолмен жүзеге асыруды мұрат тұтады. Осы бағытты ұстанған социал-демократтар экономика және саяси демократияландыру реформаларына қол жеткізе алды. [Австрия](#), [Швеция](#), [Швейцария](#), [Франция](#), [Финляндия](#) елдерінде социал-демократия билеуші партия ретінде демократия, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру жолында үлкен жетістіктерге жетті.





Фашизм - [ лат. *fascismo, fascio* - диктаторлық шыбық будасы, билік белгісі ] - 1919 жылы [Италияда](#) пайда болған саяси ағым, I дүниежүзілік соғыстан кейін социалистік қозғалыстың тармақталып, басқа елдерге, оның ішінде [Германияға](#) лезде таралып, национал-социализм аталуы.

Фашизмге тән белгілер[[өңдеу](#)]

билікті сакрализациялау, мемлекеттің, оның диктаторлық функцияларының қызметінің күшеюі  
[демократиялық](#) еркіндіктермен күрес,  
адам [құқының](#) құрт шектелуі,  
[шовинизм](#),  
[расизм](#),  
экстремистік [ұлтшылдық](#),  
элитаризм, әскери агрессияға талпыну.

Италияда фашистік партия Б. Муссолинидің басшылығымен билікке 1922 жылда келді, Германияда УСЖП (ұлтшыл-социалистік жұмысшы партиясы) 1933 жылы сайлауда жеңіп шықты. Елде қанды қырғынмен лаңкестік диктатура орнатқан [А.Гитлер](#) Рейхсканцлер болды. Фашизмнің германдық түрі шектен шыққан ұлтшылдығы мен расизмге орай, [нацизм](#) деп аталады. Кейінірек фашистік немесе квазифашистік тәртіптер әлемнің басқа да елдерінде пайда болды.

[Германияда](#) агрессивті фашизмнің салтанат құруы (нацизмнің), сондай-ақ [Ресейдегі](#) (КСРО) агрессивті "социалистік" ("коммунистік") тәртіптің орнығуы [Еуропаны](#) және бүкіл әлемді соғысқа жетеледі. Соғыс 1939 жылы күзде басталды, 1945 жылы күзінде антифашистік коалиция күштерінің жеңісімен аяқталды. Фашизм мемлекеттік және әскери күш ретінде талқандалды. Герман фашизмінің (нацизмінің) аса қасіретті қылмысының бірі 6 млн. еуропалық еврейлерді қырғынға ұшыратуы болды ([холокост](#)).

Фашистік идеология өміршең болып шықты, оның жаңғырығы бүгінгі XXI ғасырда да әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтарында қылаң беруде. Бірқатар елдерде заңдастырылған немесе жартылай заңды азшылық, бірақ едәуір елеулі ұлтшылдық, фашистік немесе квазифашистік тұрғыдағы жастар бірлестіктері байқалуда. Бұл қозғалыстардың бір идеологтары "уақыт сынынан әткен" ұлтшылдық, этникалық артықшылық, ксенофобия идеяларына сүйенсе, енді біреулері этникалық геосаясаттың күні әткен идеяларымен қаруланған, үшіншілері күн әткен сайын үдеп келе жатқан жаһандануға қар- сылар қатарын толықтыруға дайын.





**Неоконсерватизм** – қоғамдағы саяси плюрализмді (әртүрлілікті) дамыту және саяси процестерді реттеу үшін мемлекеттің рөлін күшейту мақсатындағы идеология. Консерватизм идеологиясы бойынша бұрынғы және қазіргі құндылықтарды “сақтаудың” орнына “әртүрлілік” принципі ұсынылды. Не себептен консерватизм идеологиясын жаңартуға тура келді? Дәстүрді сақтау, дәстүрмен өмір сүрудің қандай кемшіліктері болуы мүмкін? Жаңа консервативтік бағытты жақтаушылардың жауабы бойынша дәстүр, тарихи қалыптасқан тәжірибе ол зор рухани құндылық. Дәстүрсіз, тарихи зердесіз халық — қоғам, мемлекет болып қалыптасуы мүмкін емес. Бірақ дәстүрдің қандай салада болмасын (рухани, ұлттық, діни, саяси) халыққа, адамға үстемдік етіп тұратын да қасиеті бар, дәстүр бұғау сияқты бостандықты, ерікті шектеп тұрады. Мысалы, адам барлық жағдайда ұлттық дәстүрлерге табынушылық етіп жүретін болса, ол ұлтшылдыққа әкеліп соғуы мүмкін.

Немесе ол адам бұлжытпай тек діни дәстүрімен өзінің өмірін шектейтін болса, ол діни фундаментализмге (діни еріксіздікке) соқтырады. Сондықтан консерватизмнің адамдарды қолайсыз жағдайларға әкеліп соғуы өз алдына, ол халықты жалпы дүниежүзілік жетістіктерден, өркениеттен тыс қалдыруы мүмкін. Осындай көріністерге сәйкес ағылшын саясаттанушысы Джон Стюарт Милльдің: “Бір рет болса да дәстүрден шығу – ол бостандыққа тағы да бір қадам жасау” – деген қағидасының маңызы өте жоғары.

Яғни, қай салада болмасын, әртүрлілік қажет екені байқалады. XX ғасырдың екінші жартысында еркін нарықтық қатынастар және демократия

принциптері одан әрі дамып, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын мойындауға тура келді. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қызметтері едәуір шектеліп, меншік жекешелене түсті.

Бұның бәрі неоконсерватизмге күш беріп өркениетті елдердегі орта



**Неолиберализм** – азаматтар мен қоғамның экономикалық және әлеуметтік өмірін мемлекеттік реттеуге бағытталған идеялар жиынтығы. Егер осы екі идеологияны: либерализм мен неолиберализмді салыстырып қарасақ, алғашқыда бір-біріне қарама-қарсы бағыт сияқты көрінеді. Себебі, либерализм мемлекеттік үстемдікті жұмсарту жолын талап етсе, ал неолиберализм керісінше — мемлекеттік реттеуді күшейтуді ұсынады. Дегенмен, осы екі идеологияның арасында бітіспес қарама-қарсылық жоқ. Неолиберализм идеологиясының пайда болуы қоғамда қалыптасқан әлеуметтік жағдайлармен байланысты болатын. Либерализм ұстанымы бойынша дамушы нарықтыққатынас ең алдымен бәсекелестікке байланысты. Бәсекелестік экономиканы дамытады, бірақ бәсекелестікте адамдардың бәрі, әрине, жеңіске жетпейді, солсебепті теңсіздік күшейеді, көптеген адам күйзеліске, кедейлікке ұшырайды.

Сондықтан еркін нарықтық тетіктерді реттеу, кедейшілікпен күресу үшін мемлекеттің араласуы, оның ролінің күшейуі тиіс. Неолиберализм идеологиясыбойынша мемлекеттің аса жауапты міндетінің бірі – нарықтық жағдайдаазаматтарды әлеуметтік қорғау жүйесін жасау.

Либерализм идеологиясы бойынша қоғамдағы мемлекеттің басты қызметі “түнгі сақшы” сияқты болатын болса, неолиберализм жағдайында мемлекет “жалпыға бірдей игілік” міндетін атқаруы тиіс.

XX ғасырдың екінші жартысында капиталистік елдердегі көптеген саяси партиялар өз бағдарламаларын неолиберализм идеологиясына негіздейтін болды. Мысалы, Жапонияда 1955 жылдан бастап билік басында сол елдің ең ірі– либералдық-демократиялық партиясы қызмет етеді. Либералдар Англияның, Австрияның, Канаданың және тағы басқа елдердің саяси өмірінде өздерінің лайықты орындарын алуда. ХҮІІІ ғасырда дүние жүзінде тағы бір саяси идеология қалыптасты. Ол – консервативтік (консерватизм) идеология.